

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 ақпандағы N 76 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 наурыздағы N 163

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Шардара ГЭС-і" акционерлік қоғамын құру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 ақпандағы N 76 P980076\_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

5-тармақтағы "тиімді жұмыс істеуін" деген сөздерден кейін

"Шардара су қоймасы мен оның құрылыстарын ұстауды, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарын кепілдендірілген сумен жабдықтауды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті экологиялық талаптарды ескере отырып аймақта су ресурстарын реттеуді және кешенді пайдалануды қамтамасыз етсін".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі